

Преференциялардың жалпы жүйесінің аясында тарифтік преференцияларды беру кезінде дамушы елдерден тауарлардың шығуын анықтаудың тәртібі

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 1996 жылғы 1 қыркүйек N 175-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 31 қазан N 213 тіркелді. Күші жойылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 21 бұйрығымен. ~V011446

Преференциялардың жалпы жүйесінің аясында Қазақстан Республикасы аумағында уақытша қолданылатын тарифтік преференцияларды беру кезінде Дамушы елдерден тауарлардың шығуын анықтаудың ережелері туралы Келісімді жүзеге асыру мақсатында бұйрық етемін:

1. Преференциялардың жалпы жүйесінің аясында тарифтік преференцияларды беру кезінде Дамушы елдерден тауарлардың шығуын анықтаудың ережелері туралы тәртіп (қоса тіркеліп отыр) бекітілсін.

2. Тарифтік преференциалдық режим Қазақстан Республикасы Кеден комитетіне "А" нысанындағы тауарлардың шығу сертификаттарын куәландыруға өкілетті құзыретті органдардың атауларын, мекен-жайларын, мөрлерінің басылымын бермеген дамушы елден шығатын тауарға қолданылмайтын болып белгіленсін.

3. Кеден комитетінің Баспасөз қызметі (Ә.О.Мұратбаева) бұқаралық ақпарат құралдарында осы бұйрықтың ережелерін жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Кеден комитеті Төрағасының бірінші орынбасары Ә.М. Мелдехановқа жүктелсін.

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасы

Кеден комитетінің
1996 жылғы 1 қыркүйектегі
N 175-П бұйрығына қосымша

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Преференциялардың жалпы жүйесінің аясында тарифтік преференцияларды беретін дамушы елдерден импортталатын тауарларға қатысты кедендік тарифтерді қолдану мәселелерін реттеу мақсатында жасалып отыр.

1. Тауар төмендегідей жағдайларда:

а) сол елде ол шығарылған болса;

б) басқа елден шыққан шикізат материалдары, жартылай өнімдер немесе даяр өнімдер пайдаланып, сол елде өндірілсе немесе осындай тауарлар төменде көрсетілгендей жеткілікті өңдеу мен ұқсатудан өткізілген жағдайда тауардың шығу тегі белгісіз болса, тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елден шығатын тауар болып табылады.

2. Тарифтік преференциалдық режим қолданылатын мынадай тауарлар:

а) сол елдің аумағында немесе аумақтық суларында немесе оның континентальдық жағалауында және егер елдің осы жер қойнауын игеруге басым құқықтары бар болса, теңіз қойнауында алынған қазбалы байлықтар;

б) сол елдің аумағында өсірілген немесе жиналған өсімдік өнімдері;

в) сол елде туылған және өсірілген тірі жануарлар;

г) сол елде өсірілген тірі жануарлардан алынған өнімдер;

д) сол елде өндірілген аң, балық аулау және теңіз кәсіпшілігінің өнімдері;

е) сол елдің кемелерінің, сондай-ақ сол елдің жалдаған кемелерінің әлем мұхиттарында ұстаған теңіз кәсіпшілігінің өнімдері;

ж) сол елдің, сондай-ақ жүзбелі балық зауыттарының шанағында сол елдің жалдаған жүзбелі балық зауыттарының шанағында "е" тармақшасында аталған өнімдерден ғана әзірленген өнімдер;

з) сол елде жүзеге асырылатын өндірістік және өзге де операциялардың нәтижесі болатын қосалқы шикізат пен қалдықтар;

и) ашық ғарышта сол елдің немесе жалдаған ғарыш кемелерінде алынған жоғары технологиялардың өнімдері;

к) сол елде осы тармақтың "а" және "и" тармақшаларында аталған өнімдерден ғана әзірленген өнімдер дамушы елде толық өндірілген болып есептеледі.

3. Тауар егер:

а) тауар дамушы елде жеткілікті өңдеу мен ұқсатуға ұшыраса және оның барысында пайдаланылған, тарифтік преференциалдық режим қолданылмайтын басқа елдерден шыққан тауарлардың (шикізат материалдарының, жартылай өнімдер немесе даяр өнімдердің) немесе шығу тегі белгісіз тауарлардың құны тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елден экспортталатын

тауар құнынан 50% артпаса;

б) тауар тарифтік преференциалдық режим қолданылатын бірнеше дамушы елде жеткілікті өңдеу мен ұқсатуға ұшыраса және пайдаланылған, тарифтік преференциалдық режим қолданылмайтын басқа елдерден шыққан тауарлардың немесе шығу тегі белгісіз тауарлардың құны тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елдерден экспортталатын тауар құнынан 50% артпаса;

в) тауар тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елдердің бірінде өндірілсе және тарифтік преференциалдық режим қолданылатын бір немесе бірнеше елдерге жеткілікті өңдеу мен ұқсатуға ұшыраса, тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елде жеткілікті өңдеу мен ұқсатуға ұшыраған болып есептеледі.

Осы тармақтың "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген тарифтік преференциалдық режим қолданылмайтын елден шыққан тауардың құны экспортталатын тауарды өндіруші елде белгіленген осы тауардың кедендік құны негізінде анықталады.

Осы тармақтың "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген шығу тегі белгісіз тауардың құны тарифтік преференциалдық режим экспортталатын тауарды өндіруші-дамушы елдің аумағында осы тауарға төленген бағаның мөлшерінде белгіленеді.

тарифтік преференциалдық режим қолданылатын елге преференцияларды беретін елдердің бірінен әкетілген және преференцияларды беретін осы елге экспортқа жататын тауарларды өндіру үшін пайдаланылған тауарлар (шикізат материалдары, жартылай өнімдер мен даяр өнімдер) жоғарыда аталған экспорттаушы-елде өндірілген болып қаралады.

Дамушы елдің экспорттайтын тауарының құны тауар әзірлеуші франко-зауыттың бағасының негізінде айқындалады.

4. Тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елдерден шығатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар осы елдерде осындай тауарларды тікелей сатып алатын және тарифтік преференцияларды беретін елге оларды тікелей қою жағдайында ғана беріледі.

Тауар егер импортшы оны тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елде кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде белгілеген тәртіппен тіркелген адамнан сатып алса, тікелей сатып алынған болып қаралады.

Тікелей жеткізілім болып тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елден басқа мемлекеттің аумағы арқылы тасымай-ақ преференцияларды берген елге тасылатын тауарлардың жеткізілімі есептеледі.

Тікелей жеткізілім ережесіне сондай-ақ тауарлардың транзит елдерінде, оның ішінде тауарларды осы елдердің аумағында уақытша сақтау кезінде кедендік бақылаумен болатын жағдайында географиялық, транспорттық, техникалық

немесе экономикалық себептердің салдарынан бір немесе бірнеше елдердің аумағы арқылы тасылатын тауарлар да жатады.

Тікелей жеткізілім ережесіне сондай-ақ импортшының көрмелер мен жәрмеңкелерде сатып алған тауарлары:

а) тауарлар тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елдің аумағынан көрмелер немесе жәрмеңкелер өткізілетін елдің аумағына жеткізілген және оларды жүргізу кезінде кедендік бақылаумен қалған жағдайда;

б) оларды көрмелер немесе жәрмеңкелерге жөнелткен сәттен бастап тауарлар көрсетуден басқа мақсаттарда пайдаланылмаған болса;

в) тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайларында табиғи тозу немесе кему салдарынан күйінің өзгеруін ескермей-ақ тарифтік преференцияларды берген елге тауарлар көрмелер немесе жәрмеңкелерге жеткізілген күйіндегідей әкелінетін кездегі шарттар орындалса жатады.

5. Тауардың тарифтік преференциалдық режим қолданылатын дамушы елден шыққандығын куәлендіру үшін тауарларды өткізетін адам Преференциялардың жалпы жүйесінің аясында қабылданған "А" нысанындағы тауардың шығуы туралы декларация-сертификатты (бұдан әрі - сертификат) ұсынады, (қоса т і р к е л і п о т ы р) .

Сертификаттың қолданылу мерзімі ол берілген күннен бастап 12 ай.

Сертификат кеден органдарына орыс және ағылшын тілдерінде түзетусіз қағазға басылған күйінде ұсынылады.

Сертификат тауарды кедендік ресімдеу кезінде берілетін кеден декларациясы және басқа да құжаттармен бірге ұсынылады.

Тауардың нақты жеткізілгендегі және сертификатта көрсетілгендегі мөлшері арасындағы айырмашылық 5%-тен аспауы тиіс.

Сертификат жоғалған жағдайда оның ресми куәлендірілген көшірмесі қ а б ы л д а н а д ы .

Тауарлардың шағын топтамаларының (кедендік құны 5000 АҚШ долларына тең не одан аса) шығу тегін куәлендіру үшін сертификатты ұсыну талап етілмейді. Мұндай жағдайда экспорттаушы шот-фактура немесе басқа да тауарларды алып жүру құжаттарының негізінде тауардың шыққан елін мәлімдей а л а д ы .

Тауардың шығу тегі туралы мәлімделінген деректерге қатысты дәлелді күмән туындайтын жағдайда кеден органы тауардың шығу тегі туралы сертификатты көрсетуді талап етуге құқылы.

6. Сертификаттың мінсіздігіне немесе онда мәлімделінген деректерге, сондай-ақ тауардың шығу тегі туралы деректерге қатысты дәлелді күмән туындайтын жағдайда кеден органы Кеден комитеті арқылы дамушы елдердің сертификатты куәлендірілген құзыретті ұлттық органдарына қосымша немесе

нақтылай түсетін деректерді хабарлау жөнінде өтінішпен қайырылуға құқылы.

Дамушы елдің тауары тиісті түрде ресімделінген тауардың шығу тегі және сұрау салынған деректер туралы сертификат ұсынылғанға дейін тарифтік преференциалдық режим қолданылатын осы елден шыққан болып есептелінбейді .

Осындай тауар үшін тарифтік преференциялар тарифтік преференциалдық режим қолданылатын елдердің құзыретті ұлттық органдарының қанағаттандыратын жауабы алынғаннан кейін ғана беріледі.